



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

5. Разведение локтей при выполнении броска.
6. Отсутствие сопровождения мяча.
7. Броски со слишком низкой или слишком высокой траекторией.
8. Держание мяча на ладони во время броска

Проанализировав множество литературных источников мы пришли к выводу, что игрок должен:

- знать, когда и как бросать мяч по корзине, когда следует произвести бросок, а когда лучше передать мяч партнеру, находящемуся в более удобной позиции для броска.
- уметь расслабляться при броске, совершенствовать это умение.
- быть уверенным в своих силах, воспитать в себе чувство способности реализовать каждый бросок.
- сосредотачивать внимание на цели. при бросках с близкой дистанции рекомендуется целиться в щит.
- быть в равновесии и сохранить основную стойку.
- сопровождать каждый бросок и немедленно занимать исходное положение для добивания мяча или быстрого возвращения в защиту.
- контролировать вращения мяча придавать мячу минимум вращения, и только тогда, когда это необходимо, чтобы придать мячу небольшое обратное вращение, нужно выполнить мягкое и плавное движение кистью.
- быстро выполнять бросок и определять направления броска.

Список использованных источников

1. Андреев В.И. Исследование точности бросков в прыжке одной рукой в зависимости от дистанции выполнения / В. И. Андреев, В. П. Хвостиков, Н. В. Полтаропавлов // Организация и методы спортивной тренировки. Томск, 1989
2. Андреев В.И. Факторы, определяющие эффективность технических приемов нападения в безопорном положении в игровых видах спорта/ В. И. Андреев. - Томск: Изд-во Том.ун-та, 2000
3. Бабушкин В.З. Дальний бросок / В. З. Бабушкин // Спортивные игры. – 1985. - №4.
4. Бабушкин В.З. Изменение в правилах – изменение в игре /В. З. Бабушкин // Спортивные игры. – 1985. - № 9.
5. Бернштейн Н.А О ловкости и ее развитии / Н. О. Бернштейн — М.: ФК и С, 1991
6. Вальтин А.И. Влияние интенсивной двигательной деятельности баскетболистов на технику броска мяча в корзину в прыжке /А. И. Вальтин // Теория и практика физической культуры. - 1985. - №9

ӘОЖ 378.05.027

МЕДИАМӘДЕНИЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Талгат Елнұр

elnur.talgat@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Сейітқазы П.Б.

Мәдениет - қоғам дамуының негізгі қажетті саласы. Адам қоғамы қалыптасқан кезден бастап мәдениет бірге дамыды. Мәдениеті өркендеген қоғам әр уақытта ілгерлеп дамиды, мәдениет қоғамдағы барлық құбылыс, процестермен тығыз байланысты.

Мәдениет – деген сөз өзінің толық мағынасында адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және

тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан – мәдениет саласының өрісі кең.

Мәдениет – тұлғаның зияткерлік және әлеуметтік қабілеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін адам арқылы жасалған қарым –қатынас әлемі. Ю.М.Лотманның анықтамасына сәйкес, мәдениет - бұл ұжымдық түсінік. Жеке адам мәдениет тасымалдаушысы болуы және оның дамуына белсенді қатысуы мүмкін, дегенмен, мәдениет - өз табиғатында «тіл» тәрізді әлеуметтік құбылыс [1].

Ал бұл түсінік мәдениеттану энциклопедиясында қалай беріледі: мәдениет – ұжымдық әрекет етудің белгілі бір ережелерінен құралады, құбылыстар мен белгілердің болуымен ерекшеленеді, әлеуметтік маңызы бар идея, ақпарат, білім, тәжірибені жазу мен таратудан тұрады [2].

Мәдениет – бұл адам жасаған екінші табиғат. Мәдениет түсінігінің негізгі ұғымдарына : тұлғаның өзін-өзі іске асыруы, әлеуметтік өзара әрекет, мінез-құлықты реттеу кіреді. Бұл түсінік бойынша барлық өзара әрекеттер мәдениеттегі коммуникациялық қарым-қатынас ретінде көрініс табады. Мәдениеттің өзара әрекет коммуникациясына дәлелі біріншіден, ақпаратты жіберушінің болуы, екіншіден, ақпарат ағымының кеңістік пен уақытта таралуы, үшіншіден, жіберілген ақпаратты қабылдап алушының болуы.

Кеңестік ғалым Н.М. Амосовтың пікірінше, ақпарат адам өмірінде өз ізін қалдырады, оның өмір сүру салтына, қарым-қатынас жасауына, адами құндылықтарына өз әсерін тигізеді [3].

Неміс философы П.Козловски : «Мәдениет – бұл қоғамның дамуы мен инновацияның кілті, ол жаңа технологияның жүргізіліуін жеңілдетеді, оның қоғамдық мәртебесін, халықаралық қарым -қатынас, өзара түсіністік пен алмасуды қамтамасыз етеді», - деп көрсетеді [4].

Қоғамның ақпараттану кезеңінде мәдениет ұғымының маңызы арта түспек. Қоғамның мәдени әлеуеті мен ақпараттық әлем арасында қарама-қайшылықтар пайда болады. Бұл мәдени басымдықтардың өзгеруіне әкеліп қана қоймай, адам қызметін де басқа бағытқа бұрады.

Қоғамның ақпараттануы ақпараттық мәдениетті туындатады. Ақпараттық мәдениет - жалпы мәдениеттің бір бөлігі. Ол – адамның әлеуметтік табиғатымен тығыз байланыста, қоғамның мәдени әлеуетін, адамзат сан ғасыр жинақтаған тарихи жолын меңгеруіденгі маңызды фактор.

Әлеуметтік мағынада, ақпараттық мәдениет – ақпарат әлемінің көрінісі. Осы тұрғыда мәдениет адамның ақпарат кеңістігіндегі өмір сүру салтына айналады. Технологияның қарыштап дамуы, кәсіби және әлеуметтік құрылымындағы өзгерістері, ақпарат дәуіріндегі мәдениеттің құрылымы мен мазмұнын түбегейлі өзгеруі ақпараттық мәдениеттің жаңа мазмұны медиамәдениетті туындатты. Ақпарат дәуіріндегі мәдениет құрылымының күрделенуі бұрынғы мәдениет элементері мен жаңа мәдениет элементтерін қамтымақ. Мәдениет дәстүрі мен мәдениет инновациясының комбинациясы мәдениет мазмұнының күрделі бейнесін айқындайды. Мәдениеттің ескі тұжырымдамасы сабақтастыққа негізделсе, қазіргі тұжырымдамасы көптүрлілікке негізделеді. Мәдениеттің ескі мәні дәстүр болса, жаңа мәні - синкретизм.

Ақпараттық мәдениет пен медиамәдениет негізінде - бір ұғым. Медиамәдениетті жаңа атау ретінде қабылдаған дұрыс. Адамның зияткерлік қабілеті мен компьютердің техникалық мүмкіндіктерінің бірігуі БАҚ-ның, теледидар, аудиовизуалды, видеолар бұқаралық мәдениеттің жаңа түрі медиамәдениетті құрайды.

Яғни, медиамәдениет – ақпараттық – коммуникативтік құралдар жиыны, материалдық және зияткерлік құндылықтардың дамуы, қоғамдық сана мен тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді.

Медиамәдениет – ақпаратты тарату мен қабылдау мәдениеті, тұлғаның даму деңгейін, оқуға, талдау жасауға, медиамәтінге баға беруге, медиашығармашылықпен айналысуға, жаңа білімдерді медиа арқылы меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазіргі ортада мәдениет бірқатар маңызды функцияларды атқарады:

- тұлғаның қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандырады;
- адамның бос уақытынадағы эмоционалдық қажеттіліктерін, көңіл көтеруін өтейді (ойын, қарым-қатынас);
- әлеуметтік шиленісті азайтады;
- тұлғаның әлеуметтену функциясын атқарады;

Ал Глазырин Л.А, Колбышев С.И. медианы кері әсер етуші құрал ретінде қарастырады[5]:

- жүйке жүйенің бұзылуы,
- манипуляция жүргізу;
- этикалық және эстетикалық нормалардың өзгеруі;
- қоғамдағы құндылықтар жүйесінің өзгеруіне кері әсерін тигізеді;

Р.Барт болса, медианы шындықты бұрмалау қызметін атқаратын заманауи мифке теңейді [6]:

- адамға әлем туралы, өзі туралы салмақ түсіретін ақпарат береді;
- ойлаудың техникалануы (техникалық ойлау, жауапкершілік пен даналықтың болмауы);
- адамның еркін ойлауы мен әркетін шектейтін, тек эмоцияға ерік беретін адам іс-әрекеті;
- тұлға санасының бөлінуі, білім тұтастығының бұзылуы мен бұрмалануы;
- шынайы әлем туралы жеке ойдың қалыптасуы;
- адамның бос уақытын дұрыс пайдалануға кедергі келтіруі;

Медианы ақпарат көзі ретінде қарастырсақ, ол - тұлғаны жан-жақты дамытушы фактор болса, екінші жағынан қоғам мен тұлғаны бұзушы фактор. Бұдан шығатын қорытынды, жағымды фактордың әсерін күшейтіп, жағымсыз фактордың күшін жою керек.

XX ғасырдың кеңестік әлеуметтанушысы П.Сорокин қоғамның дағдарыс кезеңіне өтуі – ғылым, өнер, философия мен дін, мораль мен құқық дағдарысын былай сипаттайды: «Біз екі дәуірдің арасындамыз : кешегі жарқын сезімдік мәдениетіміз бен келешекте құрылатын ойлау мәдениеті. Батып бара жатқан күннің шуағы кетіп бара жатқан дәуірді әлі де болса шуақтандырып тұр. Бірақ жарық біртіндеп өшіп, қоюланған қараңғылықтан бізге ұлылықты ажырату қиындамақ, алайда біз жаңа мәдениет тудыратын болашақ адамды қарсы алуымыз керек [7].

Сорокиннің ойынша, дағдарыс мәдениеттің үш бөлігіне әсерін тигізбек: ойлау, әлеуметтік формаға, рухани салаға.

Сандық дәуірдің келуін И.С.Мелюхин былай көрсетеді: біз бірнеше он жыл бұрын қоғамның ақпараттануға көшуін адамзат дамуының жоғары кезеңі деп баға бергенбіз [8].

Н.Большцтың пікірінше, кез келген ақпараттың қаруы бар. Қару неғұрлым қуатты болса, адам соншалық әлсіз. Ақпарат дәуірінде ақпарат қаншалық көп болса, адам соншалық білімсіз. Интернет жауаптардың үлкен жиынын құрағанымен бізде дұрыс сұрақ жоқ [9]. Бұл айтылған ойлар медиамәдениеттің қазіргі өркениет заманында қаншалықты маңызды екендігін дәлелдейді.

Медиамәдениетті зерттеп жүрген шетелдік және отандық ғалымдар: Р.Барт, М.М. Бахтин, В.Беньямин, В.С.Библер, Ж.Бодрийяр, Н.Большц, ЕП.Винтерхофф-Шпурк, П. Вирильо, Л.С.Выготский, Ф.Джеймисон, Ж.Делез, Ж.Деррида, А.В. Елисеев, С.Жижек, М.В.Жижина, Я.Н.Засурский, В.В.Зверева, Я.Б.Иоскевич, С.Г.Кара-Мурза, М.Кастельс, Н.Б.Кириллова, М.С.Каган, Л.Н.Когана, К. Леви-Стросс, Ю.М.Лотман, Н.Луман, М.Маклюэн, Г.Маркузе, В.И.Михалкович, И.А.Негодаев, Х.Ортега-и-Гассет, К.Э.Разлогов, А.И.Ракитов, Э.Тоффлер, Ю.Н.Тынянов, А.В.Федоров, Ю.У.Фохт-Бабушкин, М.Фуко, Н.Ф.Хилько, К.И.Ховлэнд, Н.А. Хренов, А.В.Шариков, О.В.Шлыков ал отандық ғалымдардың ішінде Қ.А.Ақтамбеков, С.Абдукадирова, Р.Г.Ахмадиев, П.Б.Сейітказы, Г.Исмағұлова, Н.М.Наренов, Ә.О.Оразова, Н.П.Скальковская, А.А.Тіленбаева және тағы басқалар зерттеу жүргізген.

Ғалымдар медианы әр қырынан қарастыра отырып:

- канадалық мәдениеттанушы ғалым М.Маклюэн медиа құбылысының мәдениеттанулық тұжырымын жасап алғаш рет ғылыми қолданысқа ұсынды;
- А.И.Негодаев ақпарат дәуірінің мәдениетін және оның түрлену жолына талдау жасап, медианы бұқаралық мәдениет феномені деп таниды;
- А.В.Федеров жоғары оқу орын жүйесіндегі медиа мәселесімен айналысушы теорик және әдіскер болып табылады;
- П.Винтерхофф-Шпурк медияның қоғамдық саяси, рухани-адамгершілік өміріне әсерін көрсетеді;
- Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениетін қалыптасырудағы жетекші ғалым П.Б.Сейітқазы: «Медиасауаттылық интеллектуалды тұлғаны қалыптастырады», - деп түйіндейді;
- С.Жижек «медиатизация» түсінігін анықтап, бұл шынайы объектінің жансызға айналуы, адам медианың жаңа өнімі деп көрсетеді;
- Н.Б.Кириллов: «Медиа білім беру әлеуметтік модернизацияның негізі факторы», - деп анықтайды;
- П.Вирильо және Ф.Джеймисон медиамәдениетке мәдениет аймағының техникалық мүмкіндіктермен байланысы бар сурет жіберу мен басуды, ақпаратты дыбыс пен динамикалық түрде беруді жатқызады;
- В.Беньямин медиамәдениетті техникалық мүмкіндіктерді пайдалануда шектеуі жоқ, болмыс пен әлеуметтік шекаралардың, көшірме мен түпнұсқаның арасанда айырмашылықтың жоғалып бара жатқан ақпарат дәуірінің ерекше үлгісі ретінде қарастырады;

Мәдениет дегеніміз – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді. Медиамәдениет генезисі адамзаттың мәдени-тарихи даму кезеңінде қоғамдық сана мен тұлға әлеуметтенуінің қалыптасуына ықпал ететін ақпараттық коммуникативтік құралдар жиынтығы арқылы анықталады.

Қорыта айтқанда әлемдік ақыл ойды, ақпаратты, технологияны бір ортаға түйістіруге негізделген, құқықтық, әлеуметтік және саяси институттар арқылы болжауға болатын, бақыланатын және басқарылатын жаңа өркениетті қалыптастыратын үдеріс бұл медиамәдениет болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лотман Ю. Н. Беседы о русской культуре. СПб.: Искусство, 1994. 5 с.
2. Культурология. XX век : энциклопедия : в 2-х т. Т. I. СПб.: Университет. книга, 1998. 336 с.
3. Кириллова Н.Б. Медиакультура: от модерна к постмодерну. М.: Академический проспект, 2005. 448 с.
5. Козловски П. Культура постмодерна. М.: Республика, 1997. 217 с.
4. Глазырина Л.Д., Колбышева С.И. Основы медиатизации: значение media в социокультурном пространстве // Проблемы управления. 2009. № 3 (32). 218 с.
5. Барт Р. Избранные работы: Семиотика. Поэтика: пер. с англ. М.: Прогресс, 1994. 615 с.
6. Сорокин П. Человек, цивилизация, общество. М.: Политиздат, 1992. 427 с.
7. Мелюхин И.С. Информационное общество: истоки, проблемы, тенденции развития. — М.: Изд-во МГУ, 1999. 48 с.
9. Болц Н. Азбука медиа; пер. с нем. Л. Ионина, А. Черных. М.: Европа, 2011. 135 с.